

Андатпа

Осы дипломдық жұмыстың мақсаты – «ақылды шабадан» жүйесін әзірлеу. Мұндай шабодан оның иесіне жеке заттарының қауіпсіздігі мен сақталуын, қарапайым әрі ыңғайлы қолдануды, шабодан жоғалған жағдайда оның орналасқан орнын бақылауға мүмкіндік береді. «Ақылды шабаданның» мұндай қызметтерін қамтамасыз ету үшін, ұялы қосымшаны әзірлеу қажет. Бұл жағдайда қосымша Android операциялық жүйесіне негізделеді. Ұялы қосымшаны жүзеге асыру үшін Java тілін қолдайтын Android Studio бағдарламасы пайдаланылады. «Ақылды шабадан» жүйесін әзірлеуден басқа, дипломдық жұмыста осы жүйенің табыстылығын растайтын экономикалық аспектілер де сипатталады. Сонымен қатар, аталған өнім әзірленген өндірістік жағдайлар қарастырылады.